

Ай - Жердің серігі



Кристина Хилл

Consultant

Sean Goebel, M.S.
University of Hawaii
Institute for Astronomy

Image Credits: p.8 (top left) Dea G. Dagli Orti/age fotostock; p.5 (bottom) Paul Brown/Alamy; p.4 (top) Stocktrek Images, Inc./Alamy; p.7 (top) Robin Canup/Encyclopedia Britannica; pp.10–11 (top & bottom), 12 (top), 13 (top) 14 (top) (illustrations) Tim Bradley; pp.26–27 (illustrations) Lexa Hoang; pp.28–29 (illustrations) JJ. Rudisill; pp.2–5 (background), 6–7, 10–11 (background), 13 (background & bottom), 14–15 (background), 15 (bottom right), 16 (bottom), 18–19 (background), 21 (top), 22 (left) 22–23 (background), 24–25 (background), 25 (top), 26–27 (background), 21 (background), 24 (left), 30–31 iStock; pp.8–9 (background) David A. Hardy/Science Source; p.18 (left) Detlev van Ravenswaay/Science Source; p.23 (top right) GIPhotoStock/Science Source; pp.16–17 (background) SPL/Science Source; p.19 (top) Wellcome Images/Science Source; p.20 (left) Wikimedia Commons; all other images from Shutterstock.

Library of Congress Cataloging-in-Publication Data

Hill, Christina, author.

Earth's moon / Christina Hill.
pages cm

Summary: "Our moon is magnificent. Sometimes, it appears in the night sky as a massive glowing disk. Other nights, it can't be seen at all. Without the moon, our world would be a different place"—Provided by publisher.

Audience: K to grade 3

Includes index.

1. Moon—Juvenile literature.
2. Moon—Phases—Juvenile literature.
3. Earth (Planet)—Juvenile literature. I. Title. QB582.H55 2015 523.3—dc23

2014034282

Кітапты баспаның рұқсатынсыз кез келген форматта көбейтіп таратуға болмайды. Барлық құқығы қорғалған.

Басуға 17.10.2022 қол қойылды.

Пішімі 70x100/16. Офсеттік баспа. Қаріп түрі: Muliş.
Таралымы 2000 дана. Тапсырыс №09/22

Сапасы жөнінде мына мекемеге хабарласыңыз:

Қазақстан. Алматы, Райымбек к-сі, 348а

«Астана-кітап» ЖШС

тел.: 8(727) 313-12-97

email: astanakitap2050@gmail.com

«PRIZMA PRESS» ЖШС баспаханасында басылды.

Алматы. Райымбек к-сі, 348

Teacher Created Materials

5301 Oceanus Drive

Huntington Beach, CA 92649-1030

<http://www.tcmpub.com>

© 2015 Teacher Created Materials, Inc.




Мазмұны

Айдың құпиялары	4
Ай фазалары	6
Беткі қабаты	18
Айда ауа райы бұзыла ма?	20
Сен мұхитты көрдің бе?	22
Айға қатысты наным-сенімдер	24
Ғалым сияқты ойлан	28
Сөздік	30
Сенің кезегің!	32

Айдың құпиялары

Жарық Айдың астында серуендеу адамға жағымды әсер етеді. Ай ғасырлар бойы адамзат үшін шамшырақ рөлін атқарған. Тіпті ежелгі адамдар оның құдіретіне табынған. Адамдар айдың асқақ күшіне бас иіп, көптеген ән мен күй, аңызда жазған. Ай ғасырлар бойы зерттелсе де, біз үшін ашылмаған сырлары көп.



Қызықты факт

Аспан әлемін зерттейтін ғалымдар алғаш рет Айды 17 ғасырда жақыннан көрді. Италиялық ғалым Галилео телескоптың көмегімен Айдың беткі қыртысын көре алды.

Сен Айдың кейде жіңішке орақтай, кейде дөп-дөңгелек табақтай болған кезін байқадың ба? Кейде ол көзден ғайып болып, көрінбей қалатын секілді. Дегенмен, бұл – Айдың пішіні өзгереді деген сөз емес. Ол Жердің орбитасын айналып жүргендіктен солай көрінеді. Әрі бұл құбылыстың Жер шарына үлкен әсері бар. Оның сырын ғалымдар әлі де зерттеуде.

Дуешамдар фестивалі

Жыл сайын Тайланд халқы жаңа айдан жақсылық күтіп, мыңдаған шамдарды әуеге ұшырады. Фестиваль, қараша айының ортасында, Ай толған түнде тойланады.

Ай фазалары

Жер мен Ай үнемі қозғалыс үстінде. Жер Күнді айналса, Ай Жерді айналады. Оның үстіне Жер өз бетінше де спиннер секілді айналып тұрады.

Осылайша, бір күнде Жер өз осінен толықтай айналып шығады. Ал Ай болса, Жерді бір айда айналып шығады. Жер серігімен бірге Күнді бір жылда айналып шығады! Бұны түсінем дегенше бас айналады!

